



9 -дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭСТЕТИКА

Әртүрлі эстетикалық категориялар





Әр түрлі эстетикалық категориялар

1. Эстетикалық категориялар: ұсқынсыздық, төмендік, қорқынышты, хаос және үйлесім
2. Эстетикалық түсініктер және олардың басқа категориялармен қатынасы
3. Өмір мен өнердегі эстетикалық қасиеттердің өзара әрекеттесуі

Бүгінгі дәрісте қарастыратынымыз негізгі эстетикалық категориялармен қатар жүретін өзге де категориялар. Юрий Боровтың эстетика ғылымын зерттеуші ғалымдардан бір ерекшелігі негізгі категориялармен қатар басқа да категорияларға назар аударуы. Ол өзінің еңбегінде өмір мен өнерде өзіндік орны бар категорияларды жан-жақты қарастырады. Енді соларға тоқталып өтейік.

Бірінші, ұсқынсыздық – кері, негативті эстетикалық құндылықты білдіретін, әсемдікке қарама-қарсы эстетиканың категориясы. Сөздің түп төркіні айтып тұрғандай «ұсқынсыздық» бұл «бейнесіз, бейне, өлшем, тәртіптен айырылған, басқа сөзбен айтқанда – хаос». Әсемдік ұғымына қарама-қарсы түсінік – ұсқынсыздық терең теориялық дәстүрге ие болмады. Сонда да бұл категорияға баса назар аударылды. Әсемдік пен кейіпсіздік диалектикасы өз бойына ортақ пен жекені тоғыстырған «жоба» бейнесінде айқындала алады. Бұл жағдайда кез-келген өнер туындысы элементтер мен тәртіпті, хаос пен үйлесімділіктің сәйкестігін анықтайтын белгілі бір модель ретінде түсінікті болады. Мәселен, акын міндетті түрде жауып тұрған жаңбыр оның ойын қалай жеткізетіндігін атап өтеді. Ақындық өнер табиғат немесе мәдениет бөлшектері арқылы ойлауға ұмтылады, сұлулықтың өздігінен, жасанды емес, органикалық түрде туындайтын әсерін күшейтетін кейбір хаосқа еліктейді. Осылайша, хаостың артынан жоғары үйлесім туындайды. Диалектикалық сәйкестік, хаос пен үйлесімділік сәйкестігі әр түрлі эстетикалық пропорцияларда автордың стиліне, оның жұмысына қойған көркемдік тапсырмаларына және көптеген басқа сыртқы және ішкі жағдайларға байланысты жүзеге асырылады. Бұл әдемі және нәзік қарым-қатынастың көбі автордың көркемдік энергиясына байланысты. Ұсқынсыздық эстетикада әсемдікке қарсы категория ретінде пайда болғандығын айттық. Онымен антиқұндылық, кері эмоциялар, наразылық, жиіркеніш және тағы да басқаларымен байланысты пайда табуды көздемейтін субъект-объектілік қарым-қатынастар саласын белгілейді. Эстетикалық, әсемдік, асқақтық, трагедиялық, комедиялық сияқты эстетиканың негізгі категорияларынан ерекшелігі ол күрделі делдалдық сипатқа ие, өйткені ол әдетте басқа категорияларға оларды диалектикалық терістеу немесе тұтастықтың қайшылықты бөлшегі ретінде анықталады. Ұсқынсыздықты эстетикалық категория ретінде қарастырған кезде, бір жағынан бұл нысанның бұзылуына, болмыс пен өмірдің жойылуына, рухани әлеуеттің түсуіне сәйкес келіп, рухани кемелдіктің мүмкін еместігі оң эстетикалық идеалға қарсы болатындығын; алайда, екінші жағынан ол осы идеалды қайта жандандыруға жасырын талап немесе тілегі бар, сондықтан ұсқынсыздықты ұятсыздық немесе қорқыныштыдан ажырата білу керек. Дегенмен де, комедиялықта ұсқынсыздық ұятсыздық немесе қорқыныш түрінде кездеседі, оның мысалы ретінде карикатураны айтуға болады. Жан түршігерлік түрінде ол асқақтықта немесе трагедиялықта жағымды құндылықтарға қарсы тұрады. Трагедиялық сияқты ұсқынсыздық та зұлымдықтың көрінісі ретінде қабылданады, алайда трагедиялықтан айырмашылығы бұл зұлымдықтың жеңілісі лайықты жаза болып табылады. Бұл ұсқынсыздықтың басқа эстетикалық категориялармен тығыз байланысын көрсетеді.

Арықарай, Юрий Боровтың әлемдік мәдениет тарихындағы осы категорияның орын алуын сараптауын қарастырайық.

Ежелгі мысырлықтар сұлулық пен ұсқынсыздықтың диалектикасын ұғына отырып, қартаю кезінде барлық сау және сұлу нәрсе аяғында ауру және кейіпсіз нәрсеге айналады, яғни «жақсы жаманға айналып, дәм-тұзы кетеді» деп есептеген. Сұлулықтан ұсқынсыздыққа өту айналымы ежелгі мысырлық Исида туралы мифте кездеседі. Жас, әрі сұлу Исидаға аралға көшіп баруға тыйым салынады. Ол ұсқынсыз кемпірге айналып кетеді, ал адам тасымалдаушы оны танымай қалады. Ол аралда сиқырлы дұға оқып қайтадан жас сұлу қыздың бейнесінде оралады. Бұл миф арқылы ұсқынсыздықтың байырғы адамдардың өзіне қаншалықты әсер еткендігін байқауға болады.

Өнердегі ұсқынсыздықты ең бірінші рет Аристотель түсіндірді: туынды әрқашан сұлу формаға ие, өнердің пәніне сұлулық та, ұсқынсыздық те енеді. Көркем туындыда бейнеленген жиіркенішті нәрсенің өзі суретшінің шебер жеткізуінің арқасында эстетикалық рахат сыйлайды. Сұлулық пен ұсқынсыздық – бір-бірімен тығыз байланысты қарама-қарсы ұғымдар. Лессинг дене сұлулығы бір көзқараспен қамтылуы мүмкін әр түрлі бөліктердің үйлесімінде екенін жазды. Ұсқынсыздық – бөліктердің және тұтас нәрсенің



дисгармониясы. Ұсқынсыздық өнердің пәні болып табылмайды және Лессинг бойынша, ол тек сұлулықты өркендетуге септігін тигізеді.

Ұсқынсыздықты тек әсемдікке қарсы тұрады деп анықтау, логикалық тұрғыдан дұрыс емес. Боров ұсқынсыздық дегеніміз не деген сұрақ қояды да, ұсқынсыздық – табиғи мәліметтері жағымсыз жалпы адамзаттық мәнге ие, осы заттар бойындағы күштер адамға тәуелді және бағынышты болғандықтан, адамзатқа айтарлықтай қауіп-қатер туғызбайтын заттардың эстетикалық қасиеті деп жауап береді. Ұсқынсыздық – еркіндік саласындағы заттардың жалпыадамзаттық теріс мәні. Бодлер бойынша, ұсқынсыз келбет – бұл үйлесімсіз, патологиялық, рухсыз, жарықтығы мен ішкі байлығынан айрылған келбет. Ұсқынсыздық кері итереді, бірақ қорқыныш тудырмайды; ал сұлулық бір қарағаннан рахат әкеледі.

Теодор Адорно өзінің «Эстетикалық теориясында» XX ғасырда ұсқынсыздықтың рөлінің артуын ғасырлар тоғысындағы экономикалық-саяси оқиғалармен, мәдени парадигмалардың алмасуына алып келген әлеуметтік-мәдени өзгерістермен байланыстырады. Зерттеушінің пікірінше, ұсқынсыздық қан жоса болатын рәсімдер, құрбандыққа шалу, каннибализм сипатты болған кезеңнен басталады. Ұсқынсыздықты түсінудің маңызды астары – әлеуметтік болып табылады. Адорно, ұсқынсыздық категориясының дамуын архаикалықтан бастап, XX ғасырға дейін қарастырады. Егер архаикада ұсқынсыздық табиғат күштері мен мифтік қорқыныш алдында тәуелділік рәмізі ретінде есептелсе, модерн кезеңінде өзге эстетикалық категориялардың ішінде басты мағынаға ие болады, ең бастысы, өнердегі қайталанбас рөлінің арқасында жаңа қасиетке ие болады. XX ғасырдағы ұсқынсыздық рөлінің артуын Теодор Адорно табиғи ғана емес, рухани бастамадан да адамды алшақтататын техниканың дамуымен байланыстырады. Осылайша – ұсқынсыздық, адам «тәуелділігінің» жаңа түрінің рәмізіне айналды, дәлірек айтсақ, адам өзі жасағанға тәуелді болып қалды. Бұдан шығатын қорытынды, ұсқынсыздық шынайылықты айқындаудағы қозғаушы күш ретінде «қызық» жағымды бастама ретінде де қарастырыла алады.

Келесі қарастыратын категория – төмендік. Ұсқынсыздық әсемдікке қандай қарама-қарсы ұғым болса, төмендік асқақтыққа қарама-қарсы ұғым болып табылады. Негізінде, жалпы алғанда ұсқынсыздық пен төмендік арасындағы шекара шартты түрде болады, сол бір объектілер мен құбылыстар екі категорияның да белгілерін иеленуі мүмкін. Төмендік – оқырманда немесе көрерменде жек көрушілік пен жиіркеніш сияқты эмоционалды-эстетикалық қарсылық тудырып, шынайылықтың жағымсыз құбылыстарын, қоғамдық және жеке өмірдің кері қасиеттерін көрсететін эстетиканың категориясы. Табиғаттағы төмендіктің көрінісі ретінде, мәселен, адам өмірі үшін қолайсыз аймақ болса, ал жануарларға қатысты айтқанда, қорқау, жылан, сүлік сияқты нашар ой туғызатын түрлерге байланысты болады.

Ежелгі мысырлықтар Атон құдайға жазған гимнде төмендікті былай суреттейді: күн кеткен кезде өлім қорқынышы әлемді қара түнекке батырады.

Аристотель төмендікті эстетикалық қасиет ретінде қарастырып, мынадай мысал келтіреді: Еврипидтің «Орест» трагедиясындағы – қажеттіліктен туындамаған, Менелай мінезінің төмендігі.

Буало үшін төмендік – ұсқынсыз. «Төменнен алшақ болыңдар – ол әрқашан ұсқынсыз» деп ескертеді.

Адамның өзіндік қоғамдық қарым-қатынасын басқара алмауы – тирания. Оның төмендігін XVI ғасырда француз гуманисті Этьен де ла Боси айтып өткен. Француз гуманисті үшін тирания төмендетілген ұғым, өйткені ол адамдарды бостандығынан айырады.

Музыка болса тек XIX-XX ғасырлардан бастап төмендікті бейнелейтін қабілетке ие болды, оған мысал ретінде Шостаковичтің жетінші симфониясын айтамыз.

Төмендік – ұсқынсыздықтың ең соңғы санаты, адам үшін теріс мағынаға ие, негативті құндылық; бодандық сферасы.

Төмендікке өзге эстетикалық категориялардан гөрі этикалық бағалау тән, ол зұлым күштермен тікелей байланысты. Әдетте төмендік алдау-арбау және тағы басқалар сынды адам әрекеттерінің сипаты ретінде қабылданады. Сонымен қатар, төмендікпен адамның тәуелділік саласы да тікелей байланысты, оларға табиғи және қоғамдық күштерге, әлеуметтік және психологиялық немесе психофизиологиялық тәуелділік жатады. Бұл адамдарға бағынбайтын және оларға қауіп төндіретін әлі игерілмеген құбылыстар. Адамзат өзінің қоғамдық қатынастарына ие емес. Бұл апаттардың көзі болып табылады және милитаризм, тоталитаризм, фашизм, Атом соғысы төмендік ретінде қабылданады. Адам психикасындағы төмендіктің көрінісі қандай да бір жеке индивидтің ішімдікке, нашаға тәуелді болуы.

Ұсқынсыздық пен төмендіктің тығыз байланысы шынайы өмірде көркем шығармашылықта көрініс табады. Оның мысалы ретінде әдеби шығармалардағы жағымсыз кейіпкерлердің ойлап табылуын айтуға болады.



Қорқыныштылық категориясы да назар аударуға тұрарлық ұғым ретінде қарастырылады. Қорқыныштылық – трагедиялыққа жақын, бірақ одан басқа айырмашылықтары бар категория. Егер трагедиялықтың болашаққа рұқсаты болса, қорқыныштылық тығырыққа тірелген, үмітсіз. Бұл артына жарық сәуле тастамайтын, адамдарға қайғыдан бостандық беретіндей қасиеті жоқ, оларды басқаратын қайғы-қасірет. Трагедия мәртебеге ие, ол адамды асқақтатады. Қорқыныштылықта, керісінше, адам жағдаят құрбанына айналады, әлемдегі өз орнынан айырылады.

Қорқыныштылық – тозақтың қасіретімен үрейлетілген ортағасырлық санадағы эстетикалық басымдық.

Дағдарыс дәуірінде адамның дүниетанымы бұзылып, оның орнына бірден жаңа дүниетаным келе бермейді. Осы сәтте шындық жиі қорқынышты әлемде қабылданады. Қазіргі замандастардың көз алдында қалыптасқан тарихи тәртіптің құлдырауы жаһандық апат сияқты көрінеді.

Дидро қорқыныштылық мәселесін көтерді. Бұл зерттеуде төңкеріс алдындағы дәуірдің мөрі жатыр. Философ алдағы әлеуметтік қақтығыстарды болжайды. «Кескіндеме туралы тәжірибеде» Дидро суретшіге барлық қастерлі кінәраттарды таңбалау, тирандарды үркіту міндетін қояды.

Қорқыныштылық категориясы адамның еркін иеленбейтін және оны апатқа немесе өлімге алып келетін, тіпті тарихи деңгейде шешілмейтін жағдайларды қамтиды және де осыдан пессимистік әлемдік сезім туындайды.

Ұсқынсыздық, төмендік, қорқыныштылық – өнерде көрініс табатын, бұл әсіресе XX ғасырда аса байқалады, жағымсыз құндылықтар, әлемнің кері эстетикалық қасиеттері. Бұл категориялар қазіргі эстетикалық ғылым жүйесіне енді. Оларсыз XX ғ. болмысы мен өнерін түсіну мүмкін емес.

Борев хаос және үйлесім категориялары туралы айтқанда табиғаттағы әр түрлі үдерістердің нәтижесінде түзілетін хаос гармонияға бастау болады деген тұжырым жасайды.

Эстетикалық түсініктер және олардың басқа категориялармен қатынасы туралы айтатын болсақ. Эстетика жүйесіне тек эстетикалық категориялар ғана емес, сонымен қатар категориялар сияқты кең мағыналы емес ұғымдар да кіреді. Түсініктер эстетикалық категорияларды әр қырынан көрсетеді (әсемдік сұлулықтың бір көрінісі ретінде) немесе осы дәуірге тән өмір мен өнердің эстетикалық қасиеттерін сипаттайды. Адамзаттың көркемдік дамуы барысында эстетикалық ұғымдар жиі категорияларға айналады. Дәуірдің жетекші көркемдік құбылыстарында қандай да бір эстетикалық қасиет бірінші жоспарға шығады, эстетика оны ерекше эстетикалық категорияға бөледі.

Мысалға айта кететін болсақ, Орта ғасырлар өнерінде оның аскетизмі ерекше болды. Қайта Өрлеу өнерінде талғампаз эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыруға ұмтылу байқалады. Категория қатарына жатпаса да, өзіндік мағынаға ие ұғым – сұлулық, ол адам рухын асқақтататын, жанын қуантатын, сезімін тәтті ететін, көзін сүйсіндіретін көрініс, қимыл-әрекет, пішін немесе ой-қиялдың жемісі екендігін профессор Ақтолқын Құлсариева да атап өтеді.

Аристотель трагедияның қасиеті ретінде енгізген тағы бір ұғым – таңғажайып. Ад, бұл таңғажайып негізінен ой-қиялдың жемісі ретінде өнер бейнелері адамзаттың тылсым табиғатынан туындайтын түрлі құштарлықтарын арман-тілектерін танытады. Керемет көркем бейнелер жалпы адамзаттың мәдени рәміздеріне айналды. Мысалы Дон-Кихот, Гамлет, Мастер және Маргарита және тағы басқалары.

Халық ертегісінің эстетикасын таңғажайыпсыз сезіну мүмкін емес. Бұл қай халықтың ұлттық шығармашылығын алсақ та табылады және оның өзіндік қажеттілігі бар.

Тағы да бір атап өтетін ұғым, өмір ағымында және өнерде эстетикалық қасиеттердің өзара әрекеттесуінен туындаған эстетикалық «қоспалар». Олардың арасында ең танымалы – трагикомедия. Бұл ұғым XIX және әсіресе XX ғ. өнеріндегі маңызды үрдістерді бейнелейді.

9. Өмір мен өнердегі эстетикалық қасиеттердің өзара әрекеттесуі.

Адамның шынайылықпен қарым-қатынасы күрделі және алуан түрлі. Мән-жайлар өзгермелі, ал адам өз-өзімен қалып, әр жағдайда әр түрлі болады, ол қандай да бір қатынаста әдемі, не күлкілі демек өзіне ғана белгілі күй кешеді. Бұл сипат пен мән-жайларды аша отырып, өнер өмірді эстетикалық тұрғыда көп қырынан бейнелейді.

Профессор Құлсариева өз зерттеуінде осыған байланысты мынадай пікір білдіреді: «Өнер – мәдениеттің айнасы деп бекерден бекер айтылмаған. Ол мәдениеттің жаны, оның өзіндік танымының түрі. Сұлулық заңы бойынша адамның дүниені игеруі барысында әдеби мәтіндерге, мүсінге, сәулет туындыларына, суреттерге, әуенге, биге және тағы сол сияқтыларға негізделген өнер түрлері қалыптасты».

Демек, мәдениет әлемі тікелей адамға қатысты болғандықтан өнер мен өмірдегі эстетикалық қасиеттер сөзсіз өзара әрекетке түседі деп еш күмәнсіз айта аламыз.